



**«Самұрық-Энерго» АҚ басшылығының 2018  
жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі**

2019 ЖЫЛ

## Мазмұны

1. Топқа шолу.....	2
2. Макроэкономикалық факторлар .....	3
3. Тариф саясаты.....	6
4. Өндірістік көрсеткіштер.....	7
5. Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар.....	11
6. Компанияны дамытудың негізгі бағыттары .....	12
7. Есеп саясатының қағидаттары.....	14
8. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер.....	14
9. Құрылған және үйлестірілген экономикалық құн .....	21
10. Компания қызметінің түрлерін тарифтік мемлекеттік реттеу .....	23
11. Стратегиялық НҚК-ні орындау .....	26
12. Күрделі шығындарға жасалған талдау.....	27
13. Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері.....	29
14. Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер .....	30
15. Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг).....	35

## **1. Топқа шолу**

Жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды жаңғырту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) құрылды. Қоғамның құрылған сәттегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ болды. Қоғам 2007 жылы 10 мамырда Алматы қаласында тіркелді.


2008 жылы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ны біріктіру арқылы жүргізілген қайта құру нәтижесінде «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері болып белгіленді.

Қазіргі кезде Қоғам энергиямен жабдықтау бойынша тиімділігі жоғары жүйені қалыптастыратын, сондай-ақ Қазақстанның барлық салаларының орнықты дамуын қамтамасыз ететін халықаралық энергия балансына ойдағыдай интеграцияланған аса ірі көп бейінді энергетикалық холдинг болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр энергиясын өндіру, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Қоғам активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызы бар, сондай-ақ Алматы өңірінде өңірлік маңызы бар электр және жылу энергиясын өндіретін станциялар бар; СЭС Ертіс каскадына, сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірлерінің СЭС-іне (Шардара СЭС және Мойнақ СЭС) кіретін республиканың негізгі су электр станциялары ұсынылған. Сонымен қатар Қоғамның активтерінің құрамына өңірлік тарату желілері мен Алматы өңірінің өткізуші компаниясы және Қазақстандағы ең ірі көмір өндіретін кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын Топтың және үшінші тараптардың да өндіруші объектілеріне көмір жеткізеді.

## «Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің ағымдағы құрылымы:






## 2. Макроэкономикалық факторлар

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, тұтыну инфляциясы 2018 жылғы желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда баяулады және 0,7% - ды құрады (қараша айында 0,9%), соңғы 5 жыл ішінде жылдық көрсеткіш минимумға жетті және 5,3% құрады (2017 жылы – 7,1%). Бағалардың жыл сайынғы өсуіне негізгі азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар + 1,9%, сондай-ақ қызметтер 1,5% әсер көрсетті. (ҚР ҰБ дереккөзі).

### Валюта бағамының динамикасы:

	31.12.2017 жыл	31.12.2018 жыл	%
<b>KZT/USD</b>	332,33	384,2	<b>116%</b>
<b>KZT/EUR</b>	398,23	439,37	<b>110%</b>
<b>KZT/RUB</b>	5,77	5,52	<b>96%</b>




Жүйелік оператордың деректері бойынша 2018 жылы ҚР электр станциялары 106 798 млн. кВтсағ электр энергиясын өндірді, бұл 2017 жылғы деректермен салыстырғанда 4,3%-ға артық. Өндірудің өсімі Қазақстан БЭЖ-

нің Солтүстік және Батыс аймақтарында байқалды, сонымен қатар Оңтүстік аймағында электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі байқалды.


2017 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Қазақстандағы гидроэлектр станцияларында электр энергиясын өндіру 815 млн. кВтс (7,3%) азайды. Станциялардың жұмыс режимі су шаруашылығы балансымен және гидрологиялық жағдаймен анықталды.

Қазақстанның жылу электр станцияларында және газ турбиналық электр станцияларында электр энергиясын өндіруі 4,370 млн. кВтс (5,3%) және 747 млн. кВтс (8,9%) өсті.



Электр энергиясын тұтыну динамикасында 2017 жылмен салыстырғанда 5%-ға өсу байқалды. Осылайша, ҚР солтүстік аймағында э/э тұтыну 4,6%-ға, батыс аймақта 8,1%-ға және оңтүстік аймақта 6,8%-ға арттырылды.

2018 жылғы есептік кезеңде 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың Алматы облысы бойынша 532 млн. кВтсағ-қа (5,1%), Жамбыл облысы - 519 млн. кВтсағ-қа (13,6%), Павлодар облысы - 779 млн. кВтсағ-қа (4,2%), Қарағанды облысы - 621 млн. кВтсағ-қа (3,7%) максималды өсімі байқалды.



### **3. Тариф саясаты**

Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар субъектілері мен бәсекелес нарықта басым сипатқа ие субъектілер болып табылатын Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» және «Бәсекелестік туралы» ҚР Заңдарымен реттеледі. Тарифтік реттеу энергетикалық компанияның қызметінің түбіне байланысты ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015ж. 27 ақпандағы №160 2016-2018жж. кезеңге «Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен бекітілді. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге тарифтер тіркелген болып табылады және ЖЭК технологияларына (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) байланысты ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді және жыл сайынғы индекстеуге жатады. Бұл жерде есеп айырысу-қаржылық орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде қызмет етеді. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге және энергиямен жабдықтауға (ЭЖҰ) белгіленетін тарифтерді Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитет заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте реттейді және бақылау жасайды.

Бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудың Ұлттық жоспарының 50-ші және 52-ші сатыларын орындау мақсатында 2015 жылғы 12 қарашадағы № 394-V «Электр энергетикасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына түзетулер мақұлданды.


Түзетулерге сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр қуаты мен сыйымдылығы нарығының жұмысымен бірге Бірыңғай Сатып алушы моделі енгізілуде. Электр энергиясына арналған нарықтар (электр энергиясындағы орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сауда) және электр қуатын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) теңдестіру нарығының жұмысы болжанады.

Орталықсыздандырылған нарық - бұл электр станциялары электр энергиясын тұтынушылармен тікелей сату және сатып алу туралы шарттар жасайтын нарық. Орталықтандырылған нарық электр энергиясын сатуға және сатып алуға арналған келісімшарттарды жасасу үшін бір алаңда электр энергиясын сатуды көздейді. Теңдестіру нарығының функциясы жүйелік оператордың нақты уақыт режимінде электр энергиясын жеткізудің және

тұтынудың нақты көлемінің жоспардан тыс ауытқуларын реттеуі болып табылады.

Тарифтер бойынша шешімдер белгілі бір деңгейде әлеуметтік және саяси мәселелердің ықпалына ұшыраған. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және басқа саясаттарының Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін.

#### 4. Өндірістік көрсеткіштер



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша 2018 жылы жалпы электр энергиясын өндірудегі үлесі 30%-ды құрады, ол 2017 жылмен салыстырғанда үлес 2%-ке өсті.

ЕТҰ атауы	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2017 жылға қарағанда 2018 ж. ауытқулар	2019 (болжал)	2020 (болжал)
<b>Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс<sup>1</sup></b>						
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	5 911,4	5 712,4	5 599,1	98%	5 382,4	5 382,4
базалық қуаты, мВт		-	-	-	670,0	670,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	9 037,3	14 797,0	19 121,6	129%	18 975,3	20 315,1
оның ішінде, экспорт	133,2	4 705,5	3 757,9	80%	-	-
базалық қуаты, мВт		-	-	-	2 596,3	2 596,3
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	4 976,1	5 495,5	5 436,5	99%	5 884,8	6 011,3
базалық қуаты, мВт		-	-	-	800,0	800,0
«Шардара СЭС» АҚ	334,0	359,4	348,7	97%	378,0	550,6
базалық қуаты, мВт		-	-	-	43,2	62,9
«Мойнақ ГЭС» АҚ	1 165,5	1 226,5	1 036	84%	906,0	906,0
базалық қуаты, мВт		-	-	-	298,0	298,0
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,2	3,2	3,2	100%	21,9	22,2
«БЖЭС» ЖШС	151,8	166,4	157,9	95%	167,2	172,2
<b>Барлығы</b>	<b>21 579,4</b>	<b>27 760,3</b>	<b>31 703,1</b>	<b>114%</b>	<b>31 715,6</b>	<b>33 359,8</b>
<b>Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс<sup>2</sup></b>						
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	6 252,0	6 527,9	6 795,9	104%	6 945,9	7 120
<b>Барлығы</b>	<b>6 252,0</b>	<b>6 527,9</b>	<b>6 795,9</b>	<b>104%</b>	<b>6 945,9</b>	<b>7 120</b>



Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс <sup>3</sup>						
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	5 766,8	5 767,5	5 904,3	102%	5 745,0	5 854,1
<b>Барлығы</b>	<b>5 766,8</b>	<b>5 767,5</b>	<b>5 904,3</b>	<b>102%</b>	<b>5 745,0</b>	<b>5 854,1</b>
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал <sup>1</sup>						
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	4 970,5	5 223,3	5 616,8	108%	5 142,5	5 142,5
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	70,8	66,5	78,6	118%	76	76
«ЕкібастұзГРЭС-1» ЖШС		8,2	59,9	734%	307,3	307,3
<b>Барлығы</b>	<b>5 041,4</b>	<b>5 298,0</b>	<b>5 755,3</b>	<b>109%</b>	<b>5 525,8</b>	<b>5 525,8</b>
<b>Көмір сату көлемі, млн. тонна</b>	<b>35,1</b>	<b>40,9</b>	<b>45,2</b>	<b>110%</b>	<b>42,3</b>	<b>42,9</b>


Ескертпе: <sup>1</sup> салыстыру мақсаттары үшін 2016-2017 жж. э.э мен ж.э өндіру көлеміне «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 2017 жылы сатқан көлемі қосылмайды.

<sup>2</sup> салыстыру мақсаттары үшін 2016-2017 жж. э.э жеткізу көлеміне «ШҚ АЭК» АҚ мен «МЭБК» АҚ-ның 2017 жылы сатқан көлемі қосылмайды.

<sup>3</sup> салыстыру мақсаттары үшін 2016-2017 жж. э.э сату көлеміне «ШЭТ» ЖШС-ның 2017 жылы сатқан көлемі қосылмайды.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюы негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның электр энергиясын өндіру көлемін 4 325 млн. кВтс-ға арттыру нәтижесінде қол жеткізілді.

ГЭС-тің электр энергиясын өндіру көлемінің 320 млн. кВтс-ға азаюы Мойнақ ГЭС, Қапшағай СЭС және Шардара СЭС-інде су ағынының төмендеуі есебінен болды. БЖЭС-те э/э өндірудің 8 млн. кВтс-ға азаюы желдің орташа жылдамдығының төмендеуі әсерінен орын алды.



Алдағы кезеңге болжам:

2019 жылы электр энергиясын өндіру көлемін 2018 жылдың фактілеріне қатысты біртіндеп өсіру болжанып отыр. 2019 жылы электр энергиясын өндіру көлемін 12,5 млн. кВтс-ға ұлғайту негізінен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның электр энергиясын өндіру көлемін өсіруі есебінен болжануда. Мұның үстіне 2019 жылы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша электр энергиясын жеткізуді РФ-ға экспорттаудан ішкі нарыққа ауыстыру жоспарланып отыр.

**Жылу энергиясын өндіру көлемі** 2018 ж. негізінен «Алматы Электр Станциялары» АҚ-да жылу энергиясын өндіру көлемін 394 мың Гкал-ға немесе 7,5%-ға ұлғайту есебінен 2017 ж. көлемнің деңгейіне көтеру (457 мың Гкал-ға немесе 9%-ға ұлғайту) арқылы 5 775 мың Гкал-ды құрады.




Алдағы кезеңге болжам:

2019 жылға арналған жоспарда жылу энергиясын өндіру көлемі негізінен «Алматы Электр Станциялары» АҚ-да жылу энергиясын өндіру көлемінің азаюы есебінен 2018 жылдың фактісімен салыстырғанда 4%-ға азайта отырып болжанады.

**Электр энергиясын жеткізу көлемі** 2017 ж. көлемінің деңгейіне қарай арттыру арқылы (268 млн кВтс-ға ұлғайту) 6 796 млн кВтс-ны құрады. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-да электр энергиясын жеткізу көлемін ұлғайту 2018 ж. қаңтар-ақпанда, желтоқсанда температураның мейлінше төмен болуына және 2018 жылдың тамызында барынша жоғары болуына байланысты Алматы өңірінде тұтынудың өсуі есебінен болды.

2018ж. қорытындысы бойынша **желілердегі шығындар** 2017 ж. осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда бұрынғы деңгейде қалды. Жалпы алғанда, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның шығын деңгейі ТМЖБҚҚК-нің белгілеген нормативінен төмен.



Алдағы кезеңге болжам:

2019 жылы электр энергиясын жеткізу және бөлу көлемдері бойынша 2018 жылдың фактілерімен салыстырғанда негізінен «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын жеткізу көлемінің 2% өсуі есебінен күтіледі.

АлматыЭнергоСбыт»ЖШС-ның есепті кезең ішінде электр энергиясын сату көлемі 5 904 млн. кВтс құрады, бұл «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның тұтынушылар санының өсуіне байланысты 2017 жылмен салыстырғанда 137 млн. кВтс-ға немесе 2%-ға артық.

атауы	факт 2016ж.	факт 2017ж.	нақты 2018ж.	Ауытқу	%
<b>АлматыЭнергоСбыт</b>					
Тұтынушылар саны, оның ішінде:	781 734	800 448	817 025	16 577	2,1%
Халық	752 711	770 245	785 393	15 148	2,0%
Заңды тұлғалар	29 023	30 203	31 632	1 429	4,7%
Сату көлемі, млн кВтс	5 767	5 767	5 904	137	2,4%


Алдағы кезеңге болжам:

2019 ж. жасалған болжамда электр энергиясын сату көлемі 2018 ж. фактісі деңгейінен 3%-ға азаяды. 2020 ж. болжамында электр энергиясын сату көлемі 2019 ж. болжамымен салыстырғанда 2%-ға артады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша көмір өндіру көлемі 45 158 мың тоннаны құрады, бұл ұқсас кезеңнен 11%-ға немесе 4 300 мың тоннаға көп.

Ішкі нарықта көмір сату көлемін ұлғайту 4 879 мың тоннаны құрады (16%), ол «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Павлодарэнерго» АҚ-ның мұқтаждықтарының өсуіне және жаңа тұтынушының – Қарағанды ГРЭС-2 мекенжайына көмір тиеуіне байланысты.

Экспортқа шығарылатын көмірді сатудың 579 мың тоннаға немесе 6%-ға азаюы Троицк ГРЭС, Рефтинск ГРЭС, Қорған ЖЭО және Серовск ГРЭС-і тарапынан сұраныстың төмендеуіне байланысты.



Алдағы кезеңге болжам:

2019 жылға жасалған болжам бойынша көмір сату көлемі 2018 жылдың фактілеріне қарағанда 2,9 млн тоннаға немесе 6,4%-ға азаяды. 2020 ж. арналған болжамда көмір сату көлемі 2019 жылға қарағанда 1,5%-ға немесе 0,6 млн тоннаға ұлғаяды.

**5. Есепті кезеңдегі негізгі оқиғалар**

Күні	Оқиға
5 наурыз	Fitch Ratings Компанияның ұзақ мерзімді шетел және ұлттық валютадағы дефолт рейтингін ВВ + -дан ВВ деңгейіне дейін төмендетті, АА-дан (А3) А + (kaz) ұзақ мерзімді ұлттық ұзақмерзімді рейтингі және Компанияның шетел валютасындағы қысқа мерзімді дефолт рейтингін В деңгейінде растады
23 сәуір	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі Алик Серікұлы Айдарбаев «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.
25 мамыр	Директорлар кеңесінің шешімімен Бақытжан Төлеужанұлы Жоламанов «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы болып тағайындалды.
30 маусым	Алматыда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқармасының бастығы Ахметжан Есімовтың басшылығымен жабық типті «Түрксиб» жаңа қосалқы станциясы пайдалануға берілді. Жаңа энергетикалық қондырғыны іске қосуы Алматы қаласын тұрақты электрмен қамту бағдарламасын толықтай аяқтауға мүмкіндік берді
2 тамыз	«Интер РАО» ЖАҚ бастамасы бойынша Ресей компаниясының «Интер РАО» ЖАҚ және «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС арасында жасалған шарт аясында өзара іс-қимыл моделін қарастыру қажеттілігі себебіне орай «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан электр энергиясын импорттау тоқтатылды. Сондай-ақ «Интер РАО» ЖАҚ «Ресей – Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе» экспорт-импорт және «БЭЖ ЭО» АҚ мен «KEGOC» АҚ арасында ақпарат алмасу қағидағтары негізінде бәсекелестік таңдау нәтижелерін бір тәулік бұрын синхрондауға қатысты Қазақстан БЭЖ бен Ресей БЭЖ-дің параллельді жұмыс режимін жоспарлау бойынша ережені пысықтау туралы бастама жасалды.

тамыз-желтоқсан	ҚР Президентінің тапсырмасын орындау үшін және ҚР Үкіметінің 2019 жылға арналған ҰЭМ ТМРТЖТҚҚ реттейтін субъектілері үшін ТКШ қызметтеріне тарифтерді төмендету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға сәйкес, «Алматы Электр Станциялары» АҚ (жылу энергиясына арналған тарифтер), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС үшін 2019 жылға арналған тарифтер төмендетілді. Төмендетілу себептері шығындарды төмендету және субъектілердің табысын жою, газға арналған құнды төмендету, өтемақы төленетін тарифтерді енгізу болып табылады.
25 қазан	«Самұрық-Энерго» АҚ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкінен (EBRD) қарыз/ЕВІТДА және ЕВІТДА /пайыздар ковенанттары бойынша келісім-хат (waiver) алды
19 қараша	«Самұрық-Энерго» АҚ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Халық Банкінен (ҚХБ) ЕВІТДА/пайыздар ковенанті бойынша келісім-хат (waiver) алды
28 қараша	ҚР Энергетика министрлігі электр энергиясына шекті тарифтерді қалыптастырған кезде ескерілетін шығындардың құрамын толықтыру бөлігінде «Электр энергиясына шекті тарифті бекіту туралы...» қағидатына өзгерістер мен толықтырулар енгізді.
29 қараша	ҚР Энергетика министрлігі Қуат нарығының енгізілуіне байланысты 590 мың теңге/МВт*ай мөлшерінде электр қуатын дайындықта ұстап тұру бойынша қызметке бірыңғай шекті тарифті бекітті.
30 қараша	«Самұрық-Энерго» АҚ үшінші шығарылым облигацияларын 21,7 млрд. теңге сомасында бірінші облигациялық бағдарлама аясында орналастырды.
8 қараша және 5 желтоқсан	«Самұрық-Энерго» АҚ Азия Даму Банкімен жалпы сомасы 120 млн. АҚШ доллары мөлшерінде теңгемен кредиттік келісімдер жасады.
14 желтоқсан	ҚР Энергетика министрлігі Қуат нарығының енгізілуіне байланысты 2019-2025жж. кезеңіне 43 ЭӨҰ тобы үшін электр қуатына шекті тарифті бекітті. Тарифтер 2019-2025жж. кезеңге бекітілді.
14 желтоқсан	ҚР Энергетика министрлігі ЭӨҰ үшін электр энергиясына шекті тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін бұрын бекітілген табысты жою бөлігінде «Электр энергиясына шекті тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін бұрын бекітілген табысты анықтау әдістемесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізді (бұрын бекітілген Әдістемеде табыстың деңгейі 12% құрады)

## 6. Компанияны дамытудың негізгі бағыттары

Қазіргі уақытта Компанияның өндірістік қуаттылығы (70% астам) көмірмен жұмыс істейтін конденсаттық қондырғылардан тұрады. Жақын болашақта, Компанияның жаңартылатын энергетика жобаларына қатысуына қарамастан, көмірді өндіру «Самұрық-Энерго» АҚ-ның негізгі құзыретіне айналады.

Осыған байланысты қолда бар қуаттарының операциялық тиімділікті арттыру бойынша жұмыстарын дамытуға басты назар аударылатын болады, оның ішінде: өндірістік шығындарды оңтайландыру, өнімді пайдалану және жабдықтарды жөндеу, инновациялық даму және инвестициялық бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру.

### 6.1. Қолданыстағы қуаттарының операциялық тиімділігін арттыру

Электр станцияларының өндіріс шығындарын төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде және болашақта пайдаланылған отынның құнын төмендету бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Компания бұл міндетті бірқатар іс-шараларды іске асыру арқылы шешеді, оның ішінде:

1. Қуат блогының жұмыс режимдерін оңтайландыру
2. Технологиялық қажеттіліктер үшін су құнын төмендету
3. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі бағдарламаны іске асыру
4. Басқа іс-шаралар

### 6.2. Инновациялық даму және цифрлау.

Бүгінгі күні Компанияның инновациялық даму бағдарламасын іске асыру шеңберінде қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылуда, оның ішінде:

1. Цифрлі электр станциясы. Өндірістік-техникалық алаңдар негізінде өндірістік және технологиялық деректердің орталықтандырылған жиынтығын, өндірістік процестерді қашықтықтан бақылау және болжауды, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың өндірістік процестерін бақылауға арналған компоненттер, жинақтар, жабдықтар мен жүйелердің техникалық жай-күйін енгізу мүмкіндігін қарастырады. Бұл сенімді деректерді алуға және өндірістегі адамдық факторды қоспағанда, процесстердің автономиясын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

2. Назарбаев Университетімен бірлесе отырып, жоғары күл көмірін (көмір күлдігі 50% және одан жоғары – Пласт №3 Екібастұз кен орны және байытылмаған көмір/байытылған көмір қалдықтары) жандыру мақсатында қайнау қабаты және айналымды қайнау қабаты технологияларын пайдалану мүмкіндіктері бойынша зерттеулер жүргізілуде.

3. Қазандық қондырғылардың майсыз күйдіру жүйесі плазма-отын жүйесін (ПТС) жабдықтауды білдіреді. Бұл технология қуаты Қытай Халық Республикасында, Ресей Федерациясында, Индонезияда және т.б. 200-ден 1000 МВт-қа дейін энергоблоктарында табысты қолданылады.

4. «Цифрлі кеніші» жүзеге асыру жобасы тау-кен өндіру және тау-кен көлігі жабдықтарын жұмыс параметрлерін автоматты түрде бақылауын көздейді жүк тасымалының салмағы, орналасқан жері, технологиялық жағдайы, жылдамдығы, шиналардағы қысым және температура және т.б.), карьерлік самосвалдардың әрбір ауысым көрсеткіштерін автоматты түрде талдауын жүргізу; рейстердің саны, жүк айналымы, қозғалтқыш сағаттары, жүгіріс, отын шығыны, Тау-кен өндіру және тау-кен көлігінің жүргізушілер мен машиистердің өндіріс тәртібін автоматты бақылау және талдауын жүргізу: тоқтап тұруы, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты.

### 6.3. Қаржылық тұрақтылықты арттыру

Орта мерзімді перспективада Компания қаржылық тұрақтылықты сақтау және нығайту жөніндегі шараларды күшейтеді. Бұл стратегиялық бастама «Самұрық-Энерго» өз қарыздарын тиімді басқаруға және оңтайлы капитал құрылымына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

## 7. Есеп саясатының қағидаттары

2018 жылы Қоғамның электр энергетикасы және көмір салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы шоғырландырылған есепті жасаған кезде бірыңғай ұстаным ұстану мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан бөлек, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құн бойынша, яғни қайта бағалау есепке алынбай жүргізіледі. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есепке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктірген кезде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын үлестік қатысу мөлшеріне қарамастан, сатып алған күнгі әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, шоғырландырылған теңгерімдегі үлестік қатысу әдісін пайдаланған кезде «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы секілді ірі компаниялардың айналымдары алынып тасталды, «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан олардағы иелену үлесі 50%-ды құрайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастырған кезде осы компаниялар бойынша пайданың үлесі «ұйымның үлестік қатысу мен инвестицияның құнсыздану әдісі бойынша есептелетін пайдасының/залалының үлесі» бабында көрсетіледі.

## 8. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (факт)	2020 (факт)
1	<b>Өнімді іске асырудан және қызмет көрсетуден түскен табыс</b>	<b>181 310</b>	<b>219 892</b>	<b>260 400</b>	<b>255 094</b>	<b>286 085</b>
1.1.	Электр энергиясын өндіру	124 085	151 861	185 355	170 870	195 569
1.2.	Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатуы	90 284	94 458	96 955	95 854	103 327
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	13 991	17 370	21 674	20 015	20 005
1.4.	Электр энергиясын жеткізу және үйлестіру	33 448	38 058	40 020	38 384	42 364
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	1 662	1 672	1 824	1 790	1 827
1.6.	Жалға беру	3 504	3 289	3 542	3 502	3 502
1.7.	Өзгелер	778	1 701	1 597	3 790	3 865

<b>2</b>	<b>Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны</b>	<b>(136 127)</b>	<b>(159 611)</b>	<b>(188 356)</b>	<b>(205 395)</b>	<b>(219 707)</b>
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	(91 658)	(107 795)	(129 110)	(132 047)	(142 070)
2.2.	Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатудың өзіндік құны	(88 644)	(91 817)	(95 938)	(95 014)	(102 133)
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	(13 699)	(17 122)	(20 023)	(20 036)	(21 039)
2.4.	Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны	(26 506)	(28 337)	(30 068)	(33 181)	(34 601)
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатуды өзіндік құны	(1 614)	(1 644)	(1 736)	(1 766)	(1 823)
2.6.	Негізгі қызметтің өзге түрлерінің өзіндік құны	(215)	(443)	(640)	(977)	(965)
	<i>Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясы</i>	<i>(41 053)</i>	<i>(43 824)</i>	<i>(52 364)</i>	<i>(50 868)</i>	<i>(54 474)</i>
<b>3</b>	<b>Жалпы түсім</b>	<b>45 184</b>	<b>60 281</b>	<b>72 044</b>	<b>49 699</b>	<b>66 378</b>
4	Қаржыландырудан түскен табыс <sup>(1)</sup>	3 396	2 805	2 333	341	794
5	Өзге табыстар	6 061	3 224	5 347	787	760
6	Өнімді сатуға және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар	(3 017)	(15 145)	(14 340)	(6 316)	(8 005)
7	Жалпы және әкімшілік шығындар	(12 826)	(12 709)	(13 018)	(15 274)	(13 385)
<b>8</b>	<b>Операциялық табыс</b>	<b>29 341</b>	<b>32 427</b>	<b>44 686</b>	<b>28 109</b>	<b>44 987</b>
<b>9</b>	<b>Амортизация, пайыздар және КТС бойынша аударымдарға дейін түсім (ЕБИТДА)</b>	<b>71 581</b>	<b>77 328</b>	<b>97 825</b>	<b>80 061</b>	<b>100 575</b>
10	Қаржыландыруға жұмсалған шығын <sup>(2)</sup> <sup>(3)</sup>	(19 218)	(29 182)	(33 129)	(30 804)	(28 032)
11	Негізгі емес қызметтен болған өзге шығындар <sup>(4)</sup>	(2 056)	(5 959)	(16 549)	(692)	(362)
12	Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың табыс/ залал үлесі және инвестицияларды құнсыздандыру	4 895	(26 636)	9 752	12 981	13 992
13	Тоқтатылған қызметтен түскен табыс (залал)	2 494	1 670	(1 584)	2 292	0
	Еншілес ұйымдардың шығып кетуінен түскен табыс (залал)			287		
<b>14</b>	<b>Салық салғанға дейінгі табыс (залал)</b>	<b>24 912</b>	<b>(21 650)</b>	<b>11 143</b>	<b>13 014</b>	<b>32 139</b>
15	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(6 521)	(5 553)	(7 718)	(5 953)	(7 710)
<b>16</b>	<b>Алаяқтық үлесті шегергенге дейінгі қорытынды табыс (залал)</b>	<b>18 391</b>	<b>(27 203)</b>	<b>3 425</b>	<b>7 061</b>	<b>24 429</b>
17	Алаяқтық үлесі	632	681	184	282	282
<b>18</b>	<b>Топтың Акционерлеріне тиесілі қорытынды табыс</b>	<b>17 759</b>	<b>(27 884)</b>	<b>3 241</b>	<b>6 779</b>	<b>24 147</b>

(1) ҚЕ-де 2018ж. бағам айырмашылығынан түскен түсім «өзге түсімдер» бөлімінде көрсетілді

(2) ҚЕ-де 2017ж. бағам айырмашылығынан түскен сальдо «қаржылық шығын» бөлімінде көрсетілді

(3) ҚЕ-де 2018ж. бағам айырмашылығынан болған залал «қаржылық шығындар» бөлімінде көрсетілді

(4) ҚЕ-де құнсызданудан болған залал (НЕТТО) «өзге шығындар» бөлімінде көрсетілді

Ескертпе: Табыстар мен өзіндік құнды ашып көрсету қызметтер түрі бөлігінде келтірілген (сегменттер бойынша емес) және алып тастауды ескермей көрсетілген




2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша **өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен түсім 260 400 млн теңгені құрады:**



Электр энергиясын өндіру сегменті бойынша шоғырландырылған түсімнің өсімі электр энергиясын сату көлемінің және тарифтің өсуі есебінен жүзеге асты. Негізгі өсім электр энергиясын сату көлемін 14 113 млн. кВтсағ-тан 18 340 млн. кВтсағ-қа дейін арттыру және орташа салмақтанған тарифті 6,39 тенге/кВтсағ-тан 6,8 тенге/кВтсағ-қа дейін арттыру есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС кәсіпорны есебіне жатқызылды.

Үйлестіру және сату (өткізу) сегменттері бойынша түсім өсімі көлемдер мен тарифтердің артуымен байланысты.

### Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2018 жылғы табыстың құрылымы



Алдағы кезеңге болжам: 2019ж. болжамда сатудан түсетін табыс 255 094 млн. теңге мөлшерінде жоспарланады, ол 2018ж. фактіден 5 306 млн. теңгеге немесе 2%-ға төмен. Азаю электр энергиясын өндіру мен беруге арналған тарифтердің төмендеуіне негізделген.

2020ж. болжамда негізінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС есебінен электр энергиясын өндіру бойынша табыстың өсуіне байланысты 2019ж. болжамға карағанда табыстың ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ, көлемдер мен тарифтерді

арттыру есебінен электр энергиясын жеткізуден және сатудан түскен табыстың өсуі болжанады.

### Өндірушілеріне қарай бөлгенде өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
<b>Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс</b>	<b>181 310</b>	<b>219 892</b>	<b>260 400</b>	<b>255 094</b>	<b>286 085</b>
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	62 729	90 177	125 598	114 861	125 812
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	90 284	94 458	96 955	95 854	103 327
"Алматы Электр Станциялары" АҚ	60 761	62 349	65 542	68 114	72 892
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	33 848	38 658	40 258	38 572	42 555
«Мойнақ СЭС» АҚ	9 919	10 889	10 217	8 842	14 647
«БЖЭС» ЖШС	3 435	4 388	4 460	0	0
«Шардара СЭС» АҚ	3 157	3 405	3 318	2 731	5 924
«Бұқтырма СЭС» АҚ	3 503	3 288	3 541	3 502	3 503
Energy Solution center	334	666	937	1 391	1 391
«Green Energy» ЖШС	113	131	141	339	409
<b>Топішілік айналымдар (алып тасталынған)</b>	<b>-86 773</b>	<b>-88 517</b>	<b>-90 567</b>	<b>-79 112</b>	<b>-84 374</b>

<sup>1</sup> 2019 жылы «БЖЭС» ЖШС-ның 75% үлесін сату қарастырылған

Компанияның негізгі қызметінен түскен табысының негізгі үлесін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС құрайды. Сонымен қатар, табыстарды шоғырландырған кезде жалпы сомадан негізінде энергия өндіруші және үйлестіруші компаниялар бойынша топішілік айналымдар алынып тасталады.

### Өнім мен көрсетілетін қызметтің өзіндік құны


Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Отын	31 626	43 363	56 768	56 684	61 043
Еңбекақы және онымен байланысты шығындар	22 316	24 035	25 231	26 331	27 268
Сатып алған электр энергиясының құны	4 679	7 256	10 178	12 770	13 841
Негізгі құралдардың тозуы және НМА амортизациясы	41 053	43 824	52 364	50 868	54 474
Жөндеу және дайындықта ұстап тұру	6 416	6 517	6 344	9 191	9 599
Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер және өзге қызметтер	7 444	8 506	10 019	10 769	12 417
Материалдар	1 880	1 762	1 773	2 510	2 629
Сумен қамтамасыз ету	3 835	4 455	4 664	4 758	5 651
Желілердегі шығындар	198	205	193	1 317	1 363
Салықтар, табыс салығын қоспағанда	3 971	4 143	4 876	5 687	5 948
Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем	1 984	2 909	4 036	4 468	4 976
Бөгде ұйымдардың қызметтері	7 528	7 394	8 219	17 048	17 416
Басқа	3 198	5 241	3 690	2 993	3 083

Барлығы	136 127	159 611	188 356	205 395	219 707
---------	---------	---------	---------	---------	---------

- (1) ҚЕ-де 2017ж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Басқалар» бабында көрсетілген  
(2) ҚЕ-де 2018ж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Салықтар, табыс салығын қоспағанда» бабында көрсетілген

2018 жылғы қорытынды бойынша өзіндік құн 188 356 млн. теңгені құрады, бұл 2017ж. фактіден 18%-ға жоғары. Негізінде ұлғаю өндіріс және сату көлемдерінің өсуіне байланысты, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерге бағалардың ұлғаюы есебінен ауыспалы шығындар бойынша болды. Сондай-ақ негізгі құралдардың қызмет ету мерзімін қарастыру есебінен 19%-ға амортизацияның ұлғаюы байқалады (әсіресе «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да).


### Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы



Алдағы кезеңге болжам: 2019ж. болжамда сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны арттырылған, бұл тауарлар мен қызметтер бағаларсының өсуіне негізделген. Атап айтқанда, бөгде ұйымдардың қызметтеріне жұмсалған шығындар бойынша елеулі ұлғаю және қуат нарығының енгізілуіне байланысты жүктемені артуға электр қуатын дайындықта ұстап тұруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің туындау есебінен байқалады (бірыңғай оператор үшінші тарап болып табылады, осыған байланысты Компанияның топшілік айналымдарды төмендетіледі). 2020ж. болжалда өзіндік құн бойынша шығындар өндіріс және сату көлемдерінің өсуіне байланысты ауыспалы шығындар бойынша табыстың өсуі есебінен, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер бағасының артуы есебінен ұлғайды.

### Сатуға арналған шығын, млн. теңге


2018ж. қорытындысы бойынша сатуға арналған шығындар 2017ж. қарағанда 805 млн. теңгеге азайды және 14 340 млн. теңгені құрады. Аталған ауытқу экспортталатын электр энергиясын жеткізуге 0,87 деңгейінде уақытша төмендетілген коэффициенттің енгізілуінен, сондай-ақ «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша РФ-ға электр энергиясын экспорттау көлемінің төмендеуінен болды.



Алдағы кезеңге болжам: 2019ж. болжамда 2018ж. фактіге қарағанда сату шығындарының төмендетілуі электр энергиясын РФ-ға экспорт жасалмауына байланысты 56% құрады.

### Жалпы және әкімшілік шығыстар, млн. теңге


2018ж. қорытындысы бойынша әкімшілік шығындар 13 018 млн. теңгені құрады, бұл 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 309 млн. теңгеге немесе 2%-ға көп.



Алдағы кезеңге болжам: 2019ж. болжамда әкімшілік шығыстар 2018ж. деңгейден жоғары және 15 274 млн. теңгені құрайды. Ұлғаю негізінен трансформациялауға жоспарланатын шығыстар және инфляцияға жыл сайын индекстеу жүргізу есебінен болды. 2020ж. болжамда әкімшілік шығыстар 2019ж. болжалмен салыстырғанда 1 888 млн. теңгеге төмендетілді және трансформациялау шығыстарының төмендеуіне байланысты 13 385 млн. теңгені құрады.

### Қаржылық шығыстар, млн. теңге


2018ж. қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 33 129 млн. теңгені құрады, бұл 2017ж. нақты көрсеткіштен 3 947 млн. теңгеге жоғары. Қаржыландыруға арналған шығыстардың ұлғаюы негізінде 2017ж. ішіндегі долларлық еурооблигациялар бөлігінде өзара сабақтастықтың барынша жоғары мөлшерлемесі бар теңге номиналындағы заемдық құралдармен қайта қаржыландыру есебінен болған.



Алдағы кезеңге болжам: 2019-2020 жылдардағы болжалда қаржыландыруға арналған шығыстар заемдарды жыл сайын төлеу есебінен төмендейді.

### Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес және инвестицияларды құнсыздандыру

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	4 895	(26 636)	9 752	12 981	13 992



2018. үлестік табыс ұқсас кезеңге қарағанда 36 388 млн. теңгеге ұлғая отырып, 9 752 млн. теңгені құрады.

Негізгі өзгерістер төмендегі активтер бойынша болды:

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ - өткен жылмен салыстырғанда залалдың 6 134 млн теңгеге азаюы мына факторларға байланысты:

- операциялық пайданың 1 841 млн. теңгеге өсуі (э/э орташа салмақтанған тарифті 6,6 теңге/кВтсағ-тан 7,53 теңге/кВтсағ-ға дейін арттыру);

- активтерді құнсыздандырудан болатын шығындардың болмауы (2017ж. активтерді құнсыздандырудан болған шығыстар 5 844 млн. теңге сомасында көрсетілген);

- бағам айырмашылығы бойынша шығыстардың 2 997 млн. теңге сомасына артуы.

Forum Muider – пайданың 2 682 млн. теңгеге ұлғаюы негізінде «Богатырь-Комир» ЖШС бойынша ішкі нарықта көмірді сату көлемінің 4 859 мың тоннаға (16%) ұлғаюы және экспорт бағасының 6,7%-ға ұлғаюы есебінен болды.

«Балқаш ЖЭС» АҚ – 2017ж. «Самұрық-Энерго» АҚ БЕХС-тің «Активтердің құнсыздануы» 36-ға сәйкес БЖЭС-тегі инвестицияларды құнсыздандырудан болған шығындарды танығандықтан 2018ж. шығын 27 571 млн. теңгеге азайды.

2019ж. жоспарда пайда үлесі 12 981 млн. теңгені, 2020ж. - 13 992 млн. теңгені құрайды.

**Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)**

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда	2 494	1 670	(1 584)	2 292	-

2018ж. қорытындысы бойынша 1 000 млн. теңге мөлшеріндегі тоқтатылған қызметтен болған залал «Манғышлак Мұнай» ЖШС және «Тегіс-Мұнай» ЖШС активтерінің құнын нарықтық бағаға дейін жеткізу есебінен болды. Сондай-ақ «Манғышлак Мұнай» ЖШС-да ҚХЕС 37-ге сәйкес өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға арналған төлемдер бойынша міндеттемелер есептелді.

2019 жылғы болжалда тоқтатылған қызметке «Манғышлак Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС, «БЖЭС» ЖШС және «ЕУР» ЖШС активтері жатқызылды.

**9. Құрылған және үйлестірілген экономикалық құн**

Компания қызметінің экономикалық нәтижелілігі экономикалық құнды құру және үйлестіру кестесінде көрсетілді.

Құрылған экономикалық құн Компанияның табысын қалыптастырудың негізгі көздерін көрсетеді, атап айтқанда электр энергиясын

өндіруден, жеткізуден және өткізуден, сондай-ақ көмірді сатудан түскен табыс және алған сыйлықақылар.

Құрылған құн жеткізушілер мен мердігерлер, Компанияның қызметкерлері, акционерлері мен кредиторлары, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар арасында үйлестіріледі.

<b>Үйлестірілген экономикалық құн</b>	
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленетін төлемдер	Операциялық шығындар – материалдарды, өнім компоненттерін, құрылғылар мен қызметтерді, жалдау төлемдерін және т.б. төлеу бойынша контрагенттерге төленетін ақшалай төлем
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар және аударымдар, зейнеткерлік және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа нысандары
Капитал жеткізушілеріне төленетін төлемдер	Акционерлердің барлық санаттарына төленетін дивидендтер және кредиторларға төленетін пайыздар
Мемлекетке төленетін төлемдер	Салық аударымдары
Жергілікті қоғамдастықтарға салынатын инвестициялар	Қайырымдылық және бейүкіметтік ұйымдар мен зерттеу мекемелеріне берілетін қайырымдылық, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға жұмсалатын шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру шараларын тікелей қаржыландыру

2018ж. қорытындылар бойынша құрылған экономикалық құн 353 млрд. теңгені құрады және үйлестіруші экономикалық құн 273 млрд. теңгені құрды, оның нәтижесінде үйлестірілмеген экономикалық құн 80 млрд. теңгені құрды. 2019-2023жж. Арналған бекітілген Даму жоспарына сәйкес 2019 және 2020 жылдары құрылған және үйлестірілген экономикалық құнды арттыруды жоспарланады.

*млн. теңге*

<b>Көрсеткіш*</b>	<b>2017</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2020</b>
	<b>Факт</b>	<b>Факт</b>	<b>Болжал</b>	<b>Болжал</b>
<b>Құрылған экономикалық құн</b>	<b>349 242</b>	<b>352 681</b>	<b>366 548</b>	<b>370 773</b>
Сатудан түскен түсімдер	346 563	351 100	366 209	369 586
Алған сыйлықақылар (пайыздар)	2 679	1 581	338	1 187
<b>Үйлестірілген экономикалық құн</b>	<b>280 258</b>	<b>272 860</b>	<b>319 526</b>	<b>325 656</b>
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленетін төлемдер	174 610	161 571	186 122	201 408
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	40 964	37 210	36 652	37 415
Капитал жеткізушілеріне төленетін төлемдер	31 033	34 047	45 967	34 884
Мемлекетке төленетін төлемдер	33 531	39 617	50 497	51 768

Жергілікті қоғамдастықтарға салынатын инвестициялар	121	415	289	181
<b>Үйлестірілмеген экономикалық күн</b>	<b>68 984</b>	<b>79 822</b>	<b>47 021</b>	<b>45 117</b>

\* - Бұрын көрсеткіштер төлеу әдісі бойынша есептелді. Ақшаалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны жою мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша құралдарының қозғалысы туралы есептің деректеріне сүйене отырып есептелді.

Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындарда иелік ету үлесін ескере отырып алынды.

## 10. Компания қызметінің түрлерін тарифтік мемлекеттік реттеу

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының және табиғи монополия мен реттелетін нарықтардың субъектілері және бәсекелес нарықта үстем жағдайды иеленетін субъектілер болып табылатын, бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» және «Бәсекелестік туралы» заңдармен реттеледі. Энергия компаниялары қызметінің түрлеріне тәуелді тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

### Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

Атауы	Өлш.бірл.	2016ж. факт	2017ж. факт	2018ж. факт	2019ж. болжал	2020ж. болжал
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/кВтсағ	7,33	6,39	6,85	6,27	6,42
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВтсағ.					5,25	5,43
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	611
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	теңге/кВтсағ	6,68	6,60	7,53	7,08	7,29
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВтсағ.					6,07	6,27
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	611
«Алматы электр станциялары» АҚ	теңге/кВтсағ	8,60	8,60	8,60	9,90	10,87
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВтсағ.					8,89	9,20
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	980
«Шардара СЭС» АҚ	теңге/кВтсағ	9,50	9,50	9,50	7,35	10,92
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВтсағ.					6,52	6,74
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	3 000
«Мойнақ СЭС» АҚ	теңге/кВтсағ	8,25	8,65	9,51	9,46	15,96
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВтсағ.					7,10	7,35
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	2 151
«Samruk-Green Energy» ЖШС	теңге/кВтсағ	36,13	42,12	45,11	47,37	49,02
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	теңге/кВтсағ	22,68	26,44	28,31	29,73	30,77

Есепті кезеңде мынадай тарифтер қолданылды:

- энергия өндіруші ұйымдар (ЭӨҰ) үшін 2009-2015жж. кезеңге белгіленген шекті тарифтердің әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін



станциялар үшін 2016-2018жж. кезеңде тарифтер 2015ж. тарифтер деңгейінде сақталды. ҚР Үкіметінің ұлттық экономиканы қолдау жөніндегі тапсырмасын ескере отырып, 2017ж. ішінде және қазіргі уақытқа дейін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ 8,42 теңге/кВтсағ-тан аспайтын тарифтер бойынша электр энергиясын сатуды жүзеге асырады. ЕТҰ – «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жататын 1-топтың ЭӨҰ-ның фактілі тарифтер электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда сату және электр энергиясын Ресей Федерациясына экспорттау себебінен бекітілген деңгейден елеулі төмен.

2018ж. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның орташа мөлшерленген тарифі 6,85 теңге/кВтсағ құрады, ол 2017ж. деңгейден 0,46 теңге/кВтч\сағ-қа (6,39 теңге/кВтсағ) жоғары. Орташа мөлшерленген тарифтің ұлғаюы электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда нарықтық бағалар бойынша сату нәтижесінде болды.

2018ж. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-тың орташа мөлшерленген тарифі 7,53 теңге/кВтсағ құрады, ол 2017ж. деңгейден 0,93 теңге/кВтсағ-қа (6,60 теңге/кВтсағ) жоғары. Орташа мөлшерленген тарифтің ұлғаюы электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда сату нәтижесінде болды.

Ауқымды инвестициялық бағдарламаларды ескере отырып, «Мойнақ СЭС» АҚ және «Шардара СЭС» АҚ үшін 9,50 теңге/кВтсағ мөлшерінде жеке және есептік тарифтер бекітілді, бұл ретте электр энергиясының бір бөлігін орталықтандырылған сауда-саттықтарға шығару есебінен «Мойнақ СЭС» АҚ-тың 2017 және 2018 жылдар аралығындағы нақты тарифтері бекітілген деңгейден төмен болды.

2014ж. қабылданған Қазақстанның 2030 жылға дейін Отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамыту тұжырымдамасы негізінде 2019ж. бастап Қуат нарығы енгізілді. Қуат нарығын енгізу энергия өндіруші ұйымдар үшін тарифті құру құрылымын өзгертеді. Электр энергиясына ЭӨҰ үшін (43 топ үшін) электр энергиясына шекті тариф бекітілді, электр қуатын дайындықта ұстап тұру жөніндегі қызметке барлық ЭӨҰ үшін 590 мың теңге/МВт\*ай бірыңғай шекті тариф бекітілді. Тарифтер 2019-2025жж. кезеңге бекітілді. Алайда, бекітілген тарифтер жылдар бойынша тиімділік пен индекстеуді қайта қарастырмайды. Бұл ретте, «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңы 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес, қажеттілік жағдайында электр энергиясына арналған тарифтер жыл сайын түзетіледі. Электр энергиясына бекітіліген шекті тариф Компанияның шығындарын жаппайтындықтан, басшылық көрсетілген әдістемеге сәйкес 2020ж. бастап тарифті түзетуді жоспарлап отыр. 2021ж. бастап және одан кейін тарифтер тұтынушылар бағасының индексін ескере отырып болжалады. Сондай-ақ 2020ж. бастап «Мойнақ СЭС» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ және «Шардара СЭС» АҚ үшін қуатқа арналған жеке тариф белгілеу қарастырылған.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтер бекітілген және ЖЭК технологияларына тәуелді (жел, күн және басқа энергия көздер үшін

бөлек) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді және жыл сайын индекстеуге жатады.

### Жылу энергиясын өндіруге арналған тариф

Атауы	Өлш.бірл.	2016ж. факт	2017ж. факт	2018ж. факт	2019ж. болжал	2020ж. болжал
«Алматы электр станциялары» АҚ	теңге/Гкал	2 872	3 363	3 917	3 871	3 869
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	теңге/Гкал	683	740	816	831	849
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/Гкал	-	352	446	555	555

Заңнама инвестициялық құрамдастықты қоса отырып және шығындарды жыл сайын индекстеу үшін жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін бекітуді қарастырады. Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау комитеті шекті тарифтерді бекітеді. Алайда, тарифтерді арттыру жылына бір реттен артық жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станциялардың шығындары ұлғайған жағдайда тарифтерді арттырусыз сақтау тәуекелдері бар.

### Электр энергиясын жеткізу қызметтеріне арналған тарифтер

Атауы	Өлш.бірл.	2016ж. факт	2017ж. факт	2018ж. факт	2019ж. болжал	2020ж. болжал
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	теңге/кВтсағ	5,35	5,83	5,89	5,53	5,95

Аудандық энергия жеткізетін компаниялар (АЭК) үшін 2016-2020жж. арналған инвестициялық құрамдастықты енгізе отырып, тарифтік сметалар негізінде ұзақ мерзімді шекті тарифтер бекітілді, мұны қажет болған жағдайда уәкілетті орган түзетеді. Алайда, объективті себептер бойынша АЭК шығындары өскен жағдайда (иесіз желілерді және жабдықтарды және т.б. балансқа қабылдау) тарифтерді арттыру жылына бір реттен артық жүргізілмейді. Сондай-ақ тарифтерді арттырусыз сақтау тәуекелдері бар.

### ЭҚҰ электр энергиясын сатуға арналған тарифтер

Атауы	Өлш.бірл.	2016ж. факт	2017ж. факт	2018ж. факт	2019ж. болжал	2020ж. болжал
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	теңге/кВтч	15,66	16,38	16,42	16,68	17,65

Энергиямен қамтамасыз ететін компаниялар монополиялық реттеуге жатады. Тарифті есептеуге операциялық, қаржылық және инвестициялық компоненттер енгізілді. Өңірлерде халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мақсатында Реттегіштің тарифтің өсуін жасанды ұстап тұру тәуекелі бар. 2017ж. заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтер жойылды. Жеке тұлғалар үшін тұтыну нормалары

бойынша саралау сақталды, заңды тұлғалар үшін электр энергиясын жеткізу орташа босату тарифтері бойынша жүзеге асырылады.

### Көмір өндіруге арналған тариф

Атауы	Өлш.бірл.	2016ж. факт	2017ж. факт	2018ж. факт	2019ж. болжал	2020ж. болжал
"Богатырь Комир" ЖШС	теңге/тонна	1 779	1 944	2 013	2 019	2 081

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның көмірін өндіруге арналған тариф тұтынушылардың 3-тобы үшін ҚР тұтынушылары үшін прејскурант арқылы дербес бекітіледі (КТЖ-ның жанасу станциялардағы энергетика, көмір жинау станциялардағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар). Реттелу ҰЭМ ТМРЖБҚК Кәсіпкерлік кодексі негізінде жүзеге асырылады.

### 11. Стратегиялық НҚК-ні орындау

№	Атауы	2016ж. факт	2017ж. факт	2018ж. факт	2019 болжал	2020 болжал
1	Экономикалық қосылған құн (EVA), млн. теңге*	(44 355)	(47 130)	(31 791)	-	-
2	Қарыз/ЕВІТДА (қатынасы)	5,41	4,64	3,18	3,82	2,56
3	Даму және дивидендтер үшін бос құралдар, млн. теңге*	24 201	36 742	57 203	-	-
4	NAV, млн. теңге	412 874	382 946	385 304	397 228	421 374
5	Трансформациялау бағдарламасын іске асыру, %	-	65	76,5		
6	Корпоративтік басқару рейтингі	-	B	BB	----	BBB
7	Қазақстан Республикасында электр энергиясы нарығының үлесі	23,9%	28,0%	29,7%	29,0%	30,0%
8	Таза табыс, млн. теңге**	17 759	(27 884)	3 241	6 779	24 147
9	ROACE**	3,87%	-1,20%	2,99%	4,02%	6,2%
10	LTIFR**	0,23	0,17	0,28	0,24	0,23

\*2019ж. бастап Стратегиялық НҚК тізімінен жойылды

\*\* 2019ж. бастап Стратегиялық НҚК тізіміне енгізілді

Жалпы алғанда Компанияның Стратегиялық көрсеткіштері 2016-2020жж. кезеңіне қарай жақсару үрдісіне ие. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттың сату көлемдерін арттыру, қуатқа жеке тарифтерді алу, технологиялық мұқтаждарға отын мен судың шекті шығындарын қысқарту, ОЭР-энергияны үнемдеуге шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ қарыз жүктемесін төмендету.

Бұдан бөлек, стратегиялық көрсеткіштерге әсер ететін жағымсыз факторлар теріс баға айырмашылығы, өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтерге бағалардың қымбаттауы, сондай-ақ 2019 жылдан бастап электр энергиясына орташа салмақтанған тарифтің азаюы болып табылады.

## 12. Күрделі шығындарға жасалған талдау

№	ЕТҮ	2016	2017	2018	2019	2020
		факт	факт	факт	болжал	болжал
	<b>Барлығы</b>	<b>79 061</b>	<b>72 418</b>	<b>41 689</b>	<b>69 998</b>	<b>105 527</b>
<b>1</b>	<b>Инвестициялық жобалар, о.і.</b>	<b>41 810</b>	<b>25 177</b>	<b>8 075</b>	<b>31 587</b>	<b>55 026</b>
1.1	Жаңа электр сүзгілерді орната отырып, 1-блогын қалпына келтіру	5 296	3 962	2 156	3 802	
1.2	ОРУ-500 кВ жаңғырту	9 805				
1.3	№3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру (50%)	4 008	-36		14 228	27 440
1.4	«Боғатырь» кесігінде көмірді өндірудің, тасымалдаудың, орташалаудың және жүктеудің циклдық-ағындық технологиясына ауысу (50%)	30	30	113	4 798	23 607
1.5	220 кВ Горный Гигант ҚС-ның жүктемесін кейіннен Горный Гигант ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ Ерменсай ҚС-ға ауыстыру	340	5 079	137		
1.6	Газ турбиналық технологиялар негізінде жаңа энергия көзін орната отырып ЖЭО-1 кеңейту		492			
1.7	Алматы ЖЭО-2 – БЖК жылу магистралын қайта құру				80	
1.8	Мойнақ СЭС-ін салу	79	2			
1.9	Шардара СЭС-ін жаңғырту	8 988	11 263	4 482	4 280	3 979
1.10	Қуаты 50МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу (II кезек)	145	100	21	2 006	
1.11	Придорожное газ кен орны негізінде ГТЭС салу	426	140	758	986	
1.12	Өзге жобалар	12 693	4 146	408	1 407	
<b>2</b>	<b>Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру</b>	<b>35 731</b>	<b>46 042</b>	<b>31 534</b>	<b>33 853</b>	<b>47 542</b>
2.1	«Боғатырь Көмир» ЖШС (50%)	1 439	3 508	4 242	4 690	6 454
2.2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (50%)	17	224	439	967	1 220
2.3	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	16 787	17 919	10 238	12 318	18 914
2.4	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	9 312	13 580	11 501	11 541	12 251
2.5	«Алматы Электр Станциялары» АҚ	1 681	4 848	4 411	3 179	7 877
2.6	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	392	374			
2.7	«Мойнақ СЭС» АҚ	1 084	304	369	848	717
2.8	«Шардара СЭС» АҚ	124	120	251	8	30
2.9	«Манғыстау АЭК» АҚ	2 027	2 251			
2.10	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	68	35	75	81	77
2.11	«Samruk-Green Energy» ЖШС	3	0,3	1	2	1
2.12	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	24	3	8	219	

№	ЕТҰ	2016	2017	2018	2019	2020
		факт	факт	факт	болжал	болжал
2.13	«ШҚ АЭК» АҚ	2 740	2 861			
2.14	«Шығысэнерготрейд» ЖШС	33	16			
<b>3</b>	<b>Әкімшілік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру</b>	<b>1 411</b>	<b>1 145</b>	<b>1 307</b>	<b>2 126</b>	<b>954</b>
<b>4</b>	<b>Өзгелер</b>	<b>109</b>	<b>54</b>	<b>773</b>	<b>2 431</b>	<b>2 005</b>

*2017 жылы іске асырылған жобалар*

2017 жылы желтоқсанда трансформаторлық қуаты 80 МВА Алматы қаласының солтүстік бөлігінің өсетін жүктемелерінің сенімді және үздіксіз электрмен қамтамасыз ету мақсатында «Түрксіб» 110/10 кВ ҚС-ны салу жобасын іске асыру ақталды.

*2018 жылы іске асырылған жобалар*

2018 жылғы 22 желтоқсанда Горный Гигант ҚС-нан Ермансай ҚС-на 110 кВ желілер арқылы Горный Гигант ҚС-нан Ермансай ҚС-на жүктемені тасымалдауы аяқталды. Жобаның мақсаттарына қол жеткізілді. Горный Гигант ҚС –ның бөлшектеуі 2019 жылы күз бен қыс аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

2018 жылы 30 қарашада Алматы қаласында «Алатау» АЭА аумағында 1 МВт-ты күн электр станциясының және Алматы облысы, Нұрлы ауданы бойынша 5 МВт жел электр станциясы салтанатты ашылу рәсімі орын алды. Бұл станциялар Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы келісімі бойынша Қытай Халық Республикасының Үкіметі тарапынан Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз көмек ретінде техникалық көмек көрсету ретінде салынған.

*2019 жылы іске асырылған жобалар*

2019 жылы Қапшағай қаласында 416 кВттық күн электр станциясының құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталуы және іске қосуы жоспарланады. Қазіргі уақытта жоба мердігерін анықтау үшін конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

*2020 жылы іске асырылған жобалар*

2020 жылдың бірінші тоқсанында «Шардара су электр станциясын жаңғырту» жобасы бойынша жұмыстар аяқталуы жоспарланады. Жоба 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін станцияның белгіленген қуатын арттырады.

Сондай-ақ, «Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт, 300 МВт дейін кеңейту мүмкіндігі бар жел паркінің құрылысы» жобасын аяқталуы жоспарланып отыр.

### 13. Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Сыртқы кредиторлардан ковенантты орындау:

Ковенант	Норматив	2018ж. факт	Ауытқу Факт 2018/ Норматив	Ескертпе
Қарыз/ЕВИТДА (ЕҚҚДБ, ҚХБ)	4,5-тен аспайды	3,18	-1,32	Сақталады
ЕВИТДА/Пайыздар (ЕҚҚДБ)	Кемінде 3	2,95	-0,05	Сақталады * Кредитордың есептеу әдістемесі бойынша ковенант мәні – 3,77 құрайды. (Бұған қосымша Қоғам ЕВИТДА/пайыздар ковенантына ЕҚҚДБ-ның 25.10.2018ж. келісу хаты (вейвер) алынды)
Қарыз/Меншікті капитал (ЕАДБ және ҚДБ)	2-ден аспайды	0,65	-1,35	Сақталады

Атауы	2016 Факт	2017 Факт	2018 Факт	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Қарыз/ЕВИТДА	5,41	4,64	3,18	3,82	2,56
Қарыз/Меншікті капитал	0,75	0,75	0,65	0,65	0,53
Ағымдағы өтімділік	0,66	1,36	1,04	1,21	0,90

2018 жылы Компанияның қаржылық тұрақтылығы өндіріс көлемінің ұлғаюы мен тарифтердің өсуі, сондай-ақ қарыз жүктемесінің азаюы мен активтерді сату нәтижесінде жақсарды. 2018ж. қорытындысы бойынша Компанияның шоғырландырылған қарызы 2017 жылмен салыстырғанда 53 млрд. теңгеге төмендеп, 383 млрд. теңгені құрады.

**Қаржылық тұрақтылықты жақсарту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қабылдаған шаралар**

31.12.2018 жылғы жағдай бойынша 48,7 млрд. теңге сомасындағы қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі қамтамасыз етілді, оның ішінде:

- ЕҚҚДБ 4,4 млрд. теңге сомасында;
- «Халық банк» АҚ 38,5 млрд. теңге сомасында;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ 5,75 млрд. теңге сомасында өтелді.

Қаржылық шығындарды оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстар аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының ағымдағы қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесі 1-1,5% азайтылды.

2018 ж. қорытындысы бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету және қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде сыйақылар бойынша шығыстан үнемделген қаражат 3 млрд. теңгені құрады.

Қосымша, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қарыз бен қаржылық тұрақтылықты басқару саясатының талаптарына сәйкес, Қоғам Қоғамды жасыл тәуекел аймағына енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) әзірледі. Аталған Іс-шаралар жоспары ЕВІТДА көрсеткішін жақсартуға, шығындарды оңтайландыруға және қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған 2017-2022жж. аралығында нақты шараларды іске асыруды көздейді.

#### **14. Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер**

##### ***ҚР саяси және экономикалық жағдайы***

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қосады, бірақ олармен шектелмейді. Аймақтағы саяси шиеленісушілік, айырбас бағамының құбылмалылығы, халықаралық қаржыландыруды тартуда қиыншылықтар, өтімділіктің төмендеуін қоса алғанда Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз ықпалын жалғастыруда.

2015 жылдың 20 тамызында ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметі теңгенің айырбастау курсына қолдау көрсетуді тоқтату және еркін айырбастау бағамына ауысу және валюта коридорынан бас тарту, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Бұл жағдайда айырбас бағамына қатысты Ұлттық банк саясаты бойынша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт төмендеуін боодырмас үшін интервенциялар жасауда.

2019 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми айырбастау курсы 1 АҚШ доллары үшін 376,4 теңгені құрады, салыстырмалы түрде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 384,20 теңге болған (31 желтоқсан 2017ж.: 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңге). Осылайша, теңгенің айырбастау курсы мен Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ әрекеттеріне, сондай-ақ аталған факторлардың ҚР экономикасы ықпалына қатысты тұрақсыздық бар.

2018 жылғы қыркүйекте Standard & Poor халықаралық рейтинг агенттігі шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша Қазақстанның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BBB-» деңгейінде, ал шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша Қазақстанның қысқа мерзімді кредиттік рейтингін «А-3», ал ұлттық шкала бойынша рейтингін «kzAAA+» деңгейінде растады. Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам – «тұрақты». Тұрақты болжам Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қосымша түсімдері есебінен қалыптасқан оң теңгерімдік көрсеткіштермен расталады,

сондай-ақ мемлекеттік қарыздың төменгі деңгейі, екі жыл ішіндегі мемлекеттің өтімді активтерінің болуы да ықпал етеді.

Мұнай өндіру көлемінің өсуі және мұнай бағасының тұрақтылуы, жұмыссыздық деңгейінің азаюы мен жалақы мөлшерінің өсуі 2018 жылы экономиканың біршама өсуіне ықпал етті. Мұндай экономикалық орта Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына едәуір ықпал етеді. Басшылық Топтың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауда. Соған қарамастан, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиынға соғады және Басшылықтың ағымдағы күтетін нәтижелері мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасында саяси, заңнамалық, салықтық және реттегіштік өзгерістерге іліккіш болып қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары белгілі бір деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушы және саяси жүйелердің дамуына, яғни Компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты. Басшылық ағымдағы экономикалық жағдайлар мен оның перспективаларын ескере отырып, ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану ықтималдығын бағалады. Болашақтағы экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжамдарынан өзгеше болуы мүмкін.

Басшылық қазақстан экономикасындағы өзгерістердің деңгейіне де, ұзақтығына қатысты нақты пікір айта алмайды, немесе олардың Компанияның болашақтағы қаржылық жағдайына тигізуі мүмкін әсерін де бағалай алмайды. Басшылық осындай ағымдағы жағдайда Компания қызметінің тұрақтылығын сақтауға және одан әрі дамытуға қажетті барлық шараларды қолданатынына сенімді.

Компаниялар тобы Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық маңызы бар нысан, себебі топ тұрғындар мен өнеркәсіп орындарын электр қуатымен жабдықтайтын электр энергетикалық кәсіпорындар кешенін қамтиды. Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа электр станцияларының құрылысы мен қолданыстағы станциялардың реконструкциялануын көздейтін, экономиканың энергетика секторының ұзақ мерзімді даму бағдарламасын қабылдады. Басшылық осы Топтың ел экономикасының стратегиялық маңызы зор бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан қолдауға ие болады деген болжам жасайды.

Компанияның болашақ кредиттік шығындарын бағалау үшін Компания макроэкономикалық көрсеткіштер болжамын қамтитын болжамдық ақпаратты пайдаланады. Дегенмен, кез келген өзге де экономикалық болжамдар секілді олардың орындалу ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздікке келіп тіреледі, сондықтан да нақты нәтижелер болжамдық нәтижелерден едәуір өзгешеленуі мүмкін.



### ***Салық заңнамасы***

ҚР салық шарттары өзгерістерге және тиянақсыз қолдануға, түсіндіруге ұшырайды. Топтың және қазақстандық уәкілетті органдары қазақстан заңдарын түсінудің айырмашылығы қосымша салықтардың, айыппұлдардың және өсімпұлдардың есептелуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұл резиденттермен емес жасалған Топтың тасымалдау жөніндегі шарттарға қатысты. Нәтижесінде салық органдары мәмілелермен келіспеуі мүмкін және Топқа 2,996,869 мың теңге мөлшерінде қосымша салықтар есептелуі мүмкін.

Қазақстанның салық салу заңнамасы және тәжірибесі тұрақты даму жағдайында және олар кері күшке ие болуы мүмкін, сондықтан түрлі болжамдар мен жиі өзгерістерге тап болады. Кейбір жағдайларда, салық салу базасын анықтау мақсатында, салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұнда қазақстан салық органдарының ХҚЕС-тің тиісті ережелерін түсінуі Топтың қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексерісті жүргізуі мүмкін.

Топ басшылығы заңнама нормаларын дұрыс түсіндіретіне және Топтың салық, валюталық және кедендік заңнамасы мәселелерінде ұстанымдарының негізіне сенімді. Басшылық пікірінше, Топ аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілікке қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық арыздары бойынша көп шығындарға батпайды.

### ***Сот талқылаулары***

#### ***Прокуратураның «АЛЭС» Ақ-тағы тексерісі***

2018 жылғы шілдеде Алматы қаласының Прокуратурасы «АлЭС» АҚ компаниясының қызметінде табиғи монополиялар туралы, бәсекелестікті қорғау, электр энергетикасы туралы, 2015-2017 жылдары және 2018 жылдың 6 айында Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесінің қағидаларын қолданылуына қатысты тексерісті бастады.

2018 жылғы 24 қыркүйекте Алматы қаласының Прокуроры Бостандық аудандық сотына мына құжаттарды жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ осы шарттарды мемлекеттік тіркеу туралы құжатты жою туралы талап- арыз берді: Корпоративтік оқу орталығы мен «Superior KZ» ЖШС арасында 2017 жылғы 9 қаңтарда 230,000 мың теңге сомасына жасалған сатып алу-сату шарты, «Superior KZ» ЖШС мен азаматша Г.Ш.Байгазина арасындағы сатып алу-сату шарты, «АлЭС» АҚ Тендерлік комиссиясының шешімі.

2019 жылғы 12 ақпанда Алматы қаласы Бостандық аудандық соты жоғарыда көрсетілген шарттарды және «АлЭС» АҚ Тендерлік комиссиясының шешімін жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдады. Ал мемлекеттік тіркеуді жоюдан бас тартылды. Осы қаржылық есептілік бекітілу кезеңінде сот шешімі заңды күшіне енген жоқ. Топ басшылығы осы шешімге қатысты апелляциялық тәртіпте шағымдануды жоспарлап отыр.

**«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС инвестициялық міндеттемелерінің бұзылуы бойынша сот ісінің қаралуы**

«2015 жылға арналған «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС инвестициялық міндеттемелерінің орындалуы туралы 2014 жылғы 20 желтоқсандағы № 422 Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен жасалған 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 498 қосымша келісімге сәйкес Компанияның 2015 жылғы инвестициялық міндеттемелері ҚҚС-сыз 56,481,100 мың теңгені құрап отыр.

Бірақ 2015 жылдың инвестициялық міндеттемелері толық көлемде орындалмады, сондықтан «Екібастұз ГРЭС- 1» ЖШС Компаниясы осы міндеттемені 2016 жылы орындау міндеттемесін өз мойындарына алды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен жасалған Қосымша келісімге сәйкес, Компанияның 2016 жылғы міндеттемесі ҚҚС-сыз 12,004,800 мың теңгені құрады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Өкілетті орган алдындағы инвестициялық міндеттемелер толық көлемде орындалды.

2017 жылғы 6 сәуірде Екібастұз қаласының Прокуратурасы Павлодар қаласының Арнайы маманданған әкімшілік сотына 2016 жылғы 16 маусымдағы № 5 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтату туралы наразылығын жіберді.

2017 жылғы 27 сәуірде Павлодар қаласының Арнайы маманданған әкімшілік соты 2016 жылғы 16 маусымдағы №5 қаулының күшін жою туралы қаулы шығарды. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Компаниясына орындалмаған инвестициялық міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде айыппұл салынды, айыппұл сомасы 775,800 мың теңгені құрады.

2017 жылғы 31 мамырда «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Компаниясы жаңадан жағдаяттар анықталуына орай істі қайта қарау туралы өтініш берді.

2017 жылғы 12 маусымда Сот бұл өтінішті қабылдап, 2016 жылғы 16 маусымдағы №5 Қаулыны («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Компаниясына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы) өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдады. Прокуратура наразылығын қанағаттандырудан бас тартылды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ инвестициялық міндеттемелер бойынша айыппұл резервін қалыптастырмады, себебі Компанияның өз инвестициялық міндеттемелерін толық көлемде орындағанын растайтын құжаттары мен негіздемелері бар.

### ***Сақтандыру***

ҚР сақтандыру нарығы енді ғана дамуда және басқа елдерде кең тараған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда жоқ. Топ өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында қызметтің немесе міндеттемелердің тоқтауынан шығындарға батуы, Топ апаттар немесе операциялар салдарынан жылжымайтын мүлік немесе қоршаған ортаға келетін зардаптан толық сақтандырылмаған. Топтың толық сақтандыруы жоқ, тек жеке активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Топ қызметі мен қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

### ***Қоршаған ортаны қорғау мәселелері***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау заңнамасы енді ғана қалыптасуда, және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының оны ұстауды қамтамасыз

етуге қатысты ұстанымы әрдайым өзгеріп тұрады. Топ қоршаған ортаға әсер етумен байланысты өз міндеттемелерін кейде бағалап отырады. Міндеттеме анықталған кезде бірден есепте көрсетіледі. Қолданыстағы нормативтік актілерде азаматтық талап арыз немесе заңнама аясындағы нәтиже бойынша өзгерістер енгізу арқылы пайда болуы мүмкін әлеуетті міндеттемелер бағаланбайды және маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, басшылық қолданыстағы заңнаманы ағымдағы түсіндіру жұмыстарына сәйкес Топ аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілікке аударылған және көрсетілген сомаларға қосымша ретінде, Топтың операциялық қызметінің нәтижесіне немесе қаржылық ережесіне елеулі теріс әсерін тигізуі мүмкін ешқандай маңызды міндеттемелер жоқ деген пікірде.

### ***Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві***

Топ табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, Топтың операциялық қызметінің қалдықтарын орналастыру полигондарын білдіретін күл жинақтауыш учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңдық міндеттеме бар. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің теңгерімдік бағасы 2,891,877 мың теңгені (31 желтоқсан 2017 ж.: 2,404,270 мың теңге) құрады. Күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің бағалауы Топтың ҚР қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруіне негізделген. Және ол рекультивация бойынша жұмыстарды қалпына келтіру және өткізудің ағымдағы нормалары мен қалпына келтіру әдістеріне сәйкес, техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен қамтылған. Аталмыш бағалау келесі табиғатты қорғау саласын зерттеу жұмыстарын аяқтау және рекультивация мен қалпына келтіру бойынша бағдарламаларды қайта қарастыру кезінде өзгеруі мүмкін.

### ***Капиталды сипаттағы міндеттемелер***

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың 163,374,052 мың теңге (31 желтоқсан 2017 ж.: 189,610,926 мың теңге) жалпы сомасындағы негізгі құралдарды сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шартты міндеттемелері болды.

Топ бұл міндеттемелерді жабуға қажетті ресурстарды бөліп отыр және болашақта таза табыс шамасы, сондай-ақ қаржыландыру көлемі осы және осыған ұқсас міндеттемелерді жабуға жеткілікті боларына сенімді.

### ***Қарыздар бойынша ковенанттар***

Компанияның несиелер мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Аталған ковенанттарды сақтамау Компания үшін несиелер бойынша шығындардың өсуі мен дефолт жариялауды қоса алғанда жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Топ займдар бойынша ковенанттардың нормативтік мәнін орындады, сондай-ақ ереже бұзушылықтар анықталған тұстарда вейверлер алды.

### ***Балқаш ЖЭС***

2018 жылғы 16 қарашада Samsung C&T-мен бейбітшілік келісімі жасалды. Бейбітшілік келісіміне сәйкес, қазақстандық тарап, Үкімет және

Самұрық-Энерго бірлесіп 2019 жылғы 19 қарашаға дейін Samsung C&T-ге келісімленген соманы төлеуге міндеттенді. Төлемді алғаннан кейін Samsung C&T БЖЭС-тің 50% + 1 акциясын Самұрық-Энергоға табыстайды. Осыған орай, 2018 жылғы 31 жетоқсанда Компания міндеттеменің толық сомасына резервті мойындады. Үкімет Компанияға Samsung C&T алдындағы міндеттемені төлеу үшін қажетті қаржыландыруды беру шешімін қабылдады. Samsung C&T алдындағы міндеттемені төлеу үшін қажетті шығындар ХҚЕС (IAS) 37 сәйкес толық өтелетіні болжалғандықтан, 2018 жылғы 31 жетоқсандағы жағдай бойынша өтелу сомасы резервтегі сомада бөлек актив ретінде танылады. Міндеттемені мойындаудан болған тиісіті шығын және активті мойындаудан болған табыс ХҚЕС (IAS) 37 сәйкес табыс немесе шығын құрамында ескерілді.

### 15. Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

Бенчмаркинг – «Самұрық-Энерго» АҚ-ны басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді сәйкестендіру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:

- EBITDA margin (EBITDA маржасы);
- Қарыз/EBITDA
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC);


Бенчмаркинг үшін төмендегідей ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- Inter RAO UES PJSC (Ресей);
- CEZ Group (Чех Республикасы);
- Drax Group (Ұлыбритания).

#### Бенчмаркинг нәтижелері:

Критерий	Мера	Статус	Min ----- Бенчмаркинг ----- Max
EBITDA margin	%	<span style="color: green;">●</span>	
Долг/EBITDA	коэффициент	<span style="color: red;">●</span>	
Долг/СК	коэффициент	<span style="color: yellow;">●</span>	
ROIC	%	<span style="color: yellow;">●</span>	


● Лучшее среднего показателя по аналогам    
 ● Соответствует среднему показателю по аналогам    
 ● Хуже среднего показателя по аналогам



Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, Самұрық-Энергоның кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері төмен.

**Қаржылық тұрақтылық** көрсеткіштері Самұрық-Энерго қолжетімді қаржылық левереджді толықтай пайдаланатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, **EBITDA margin** көрсеткіші бойынша, Самұрық-Энерго өзінің ұқсас компанияларынан басым түседі. Бұл көрсеткіш сатудан түсетін кірістің жоғары екенін білдіреді.




Дереккөз: Bloomberg

**ROIC** (салынған ұзақ мерзімді капиталдың рентабельділігі) көрсеткіші бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ өзге европалық ұқсас компаниялардан біршама асып түседі. Десек те, осы көрсеткіш бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің экономикалық шарттары тұрғысынан ұқсас келетін ресейлік холдингтен едәуір төменгі деңгейде, бұл инвестициялар тиімділігін арттыру қажеттілігін (рентабелділік, қайтарымдылық) көрсетеді.

Соған қоса, көпшілік ұқсас компанияларға карағанда «Самұрық-Энерго» АҚ ҚР Үкіметіне тиесілі екенін, осыған орай, Қоғам электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясаттың жетекшісі болып табылатынын атап кету қажет. Осыған байланысты, сондай-ақ энергетикалық сектордың мейлінше тозуына байланысты 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызды инвестициялық жобалар іске асырылды (ҚР Энергия жүйесінің сенімділігі мен жұмысының үздіксіздігіне бағытталған), бұл компанияның табыстылық деңгейін сақтаған кезде инвестицияланған капиталдың елеулі өсуіне әкеп соқты.

Инвестициялардың рентабелділік көрсеткіштеріне ықпал ететін қосымша фактор ұқсас компаниялардың мемлекеттерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы электр энергиясына тариф деңгейінің төмен болуы болып табылады.



Мемлекет	кВтс тарифтері	АҚШ центімен	АҚШ долларының орташа бағамы 2018ж.
Қазақстан	16,25 теңге	<b>4,7</b>	344,8 теңге
Ресей	3,9 рубль	<b>6,2</b>	62,7 рубль
Чехия	0,16 еуро	<b>18,8</b>	0,85 еуро
Ұлыбритания	0,14 фунт	<b>18,6</b>	0,75 фунт